



«Самұрық-Энерго» АҚ
Директорлар кеңесінің
2016 ж. «9» желтоқсандағы
шешімімен бекітілді.
№ 10/16 хаттама

КОРПОРАТИВТІ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

«Самұрық-Энерго» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясаты

С 02-03-13

Астана 2016

Мазмұны

1	Мақсаты.....	4
2	Қолданылу аясы.....	4
3	Анықтамалар мен қысқартулар.....	5
4	Жауаптылық.....	6
5	Нормативтік сілтемелер.....	6
6	Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің негізгі қағидаттары.....	7
7	Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықбұзушылықтың және ұрлаудың түрлері.....	7
8	Жүзеге асыру тәсілдері.....	8
9	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау.....	10
10	Контрагентті тексеру.....	10
11	Қайырымдылық және демеушілік қызметке қатысу.....	11
12	Саяси қызметке қатысу.....	11
13	Ресмилікті жеңілдету үшін төлем.....	12
14	Сыйлықтар және өкілдік шығыстар.....	12
15	Өзара ынтымақтастық.....	13
16	Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің негізгі бағыттары....	13
17	Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары.....	14
18	Қорытынды ережелер.....	14
19	Жазбалардың нысандары.....	15
	ЖН 01 Қ-02-03-13	16
	1-қосымша.....	17
	2-қосымша.....	18

1 Мақсаты

1. Осы «Самұрық-Энерго» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, алаяқтық және сыбайлас жемқорлық іс-қимылға, мүлік ұрлауға қарсы әрекет ету саласындағы Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілеріне, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.

2. Саясат мыналарды:

1) Қоғамдағы және оның еншілес ұйымдарындағы алаяқтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің негізгі қағидаттарын;

2) алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алудың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін;

3) алаяқтық және сыбайлас жемқорлық іс-қимылға қарсы күрес, алаяқтық және сыбайлас жемқорлық іс-қимыл салдарларын мейлінше азайту және (немесе) жою жөніндегі іс-шараларды;

4) Қоғам қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ Қоғам қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеуді белгілейді.

3. Қызметтік міндеттерін атқару барысында Қоғам мен оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің адалдық пен ашықтық қағидаттарын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетін қалыптастыру осы Саясаттың негізгі мақсаты болып табылады.

4. Бұл Саясат қағидаттарын, сонымен қатар барлық тиісті нормативтік құқықтық актілерін Қоғам толық қолдайтын Қоғамның Іскерлік этика кодексімен бірге қарастырылуға тиіс.

2 Қолданылу аясы


5. Осы саясаттың нормалары Қоғамның және дауыс беру акцияларының (қатысу үлесімен) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімді басқару құқығында Қоғамға тиесілі ұйымдардың (бұдан әрі – еншілес ұйым) лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, сондай-ақ үшінші тұлғаларға – шарттық қатынастар аясында немесе жоғары тұрған органның тапсырмасы бойынша жұмыс істейтін (аудиторлар, агенттер, консультанттар және басқа) контрагенттерге қолданылады.

6. Осы Саясатты дауыс беру акциялары (қатысу үлесімен) меншік немесе сенімді басқару құқығында Қоғамға тиесілі ұйымдарға қолдану елу және одан аз пайызды құрайды, басқа акционерлермен немесе қатысушылармен келісіледі.

3 Анықтамалар мен қысқартулар

7. Осы Саясатта мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

- 1) **алаяқтық** – бөтен мүлікті ұрлау немесе бөтен мүлікке құқықты алдау не сенімге қиянат жасау арқылы алу;
- 2) **алаяқтық әрекеттер** – жеке және/немесе заңды тұлғалардың компания есебінен пайда алу және/немесе оған материалдық және/немесе материалдық емес зиян келтіру мақсатындағы қасақана әрекеті немесе әрекетсіздігі;
- 3) **алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету** – Қоғам мен оның еншілес ұйымдарының лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің мына мәселелер бойынша өз өкілеттіктері шегіндегі қызметі:
 - а) алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде анықтау және себептерін жою (алдын алу) бойынша;
 - б) алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық (күрес) әрекеттерін анықтау, алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша;
- 4) **контрагент** – Қоғаммен, еншілес ұйыммен жасалған шарт бойынша тарап болып табылатын және өзіне әлеуетті өнім беруші ретінде (орындаушы немесе тапсырыс беруші) қандай да бір міндеттемелер алатын заңды немесе жеке тұлға.
- 5) **сыбайлас жемқорлық** – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;
 - б) **сыбайлас жемқорлық әрекеттері** – Қоғам қызметкерінің мүлік немесе басқа игілік түрінде пайда алу мақсатында өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып, жасаған қасақана әрекеті;
- 7) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді жүйе құруға бағытталған қызмет;
- 8) **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
- 9) **ұрлау** – пайдакүнемдік мақсатта кінәлінің немесе мүліктің меншік иесіне немесе осы мүліктің өзге иесіне зиян келтірген басқа адамдардың пайдасына жасалған мүлікті құқыққа қарсы қайтарымсыз айыру және (немесе) бөтен мүлікті айналысқа түсіру;
- 10) **ҚБ** – Қоғамның құрылымдық бөлімшелері;
- 11) **ҚҚБ** – Қоғамның қауіпсіздік мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшесі;
- 12) **АРБҚБ** – Қоғамның адам ресурстарын басқару мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшесі.

	«Самұрық-Энерго» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясаты		
	Қ 02-03-13	3-редакция	19 беттің 6-парағы

4 Жауаптылық

8. Осы Саясат Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

9. Осы Саясатта көрсетілген талаптарды енгізуге бақылау жасауға ҚҚБ-ны қадағалайтын басшы жауапты болады.

10. Қоғамның, еншілес ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері алаяқтық және сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауапкершілікте болады.

11. Қоғамның, еншілес ұйымдардың алаяқтық және сыбайлас жемқорлық әрекеттер жасағаны үшін қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік шаралар қолданылған лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері материалдық шығынды толық өтегенге дейін жауапкершіліктен босатылмайды.

12. Осы саясаттың ережелерін іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру мен үйлестіруге барлық ҚБ-ның басшылары, қадағалаушы Басшылар өз құзыреттері шегінде, оның ішінде Қоғамның еншілес ұйымдарының, сондай-ақ үшінші тұлғалардың – Қоғамның тапсырмасы бойынша және шарттық қатынастар аясында немесе жоғары тұрған органның тапсырмасымен жұмыс істейтін контрагенттердің (аудиторлар, агенттер, консультанттар және басқалардың) басшылары жауапты болады.

13. Осы Саясатты басқаруға ҚҚБ жауапты болады.

14. Саясатқа енгізілетін өзгерістер Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде енгізіледі.

15. Саясатты өзекті ету мынадай:

- 1) қолданылып жүрген заңнамалар өзгерген;
- 2) Қоғамның ұйымдық құрылымы, басқару органының құзыреті мен басшының өкілеттіктері өзгерген;
- 3) осы Саясаттың тиімділігі жеткіліксіз екендігі анықталған;
- 4) Қоғамның басқа ішкі нормативтік құжаттарымен сәйкес келтірген;
- 5) Қоғам қызметін нормативтік қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру мақсатында өзге жағдайларда жүргізіледі.

16. Саясатқа өзгерістер енгізуге ҚҚБ, сондай-ақ ҚҚБ-нің келісімі бойынша Қоғамның өзге ҚБ мен еншілес ұйымдар бастамашы болып табылады.

17. Саясатты өзекті жағдайда ұстап тұруға жауаптылық ҚҚБ-ға жүктеледі.

5 Нормативтік сілтемелер

18. Осы Саясатта Қазақстан Республикасының келесі нормативтік құқықтық актілеріне және нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- 1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
- 2) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;
- 3) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;

4) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы;

5) Қоғамның Жарғысы;

6) Қоғамның Іскерлік этика кодексі;

7) Қоғамның тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидасы;

8) Қоғамның Ішкі нормативтік құжаттарды басқару қағидасы;

9) Қоғамның қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар.

6 Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің негізгі қағидаттары

19. Қоғамдағы алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету мынадай:

1) заңдылық;

2) қызметтің жариялылығы және ашықтығы;

3) басқарушылық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, арнайы және өзге шараларды кешенді қолдану;

4) Қоғам мен оның еншілес ұйымдары қызметкерлерінің бойына лауазымдық міндеттерін жүзеге асырған кезде алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және адалдық пен параға сатылмау принциптерін қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетті қалыптастыру;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихатты жүзеге асыру;

6) мемлекеттік органдармен, сондай-ақ Қоғамның серіктестерімен және клиенттерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы ынтымақтастық секілді негізгі принциптерге сүйенеді.

7 Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың және ұрлаудың түрлері

20. Қоғамда алаяқтық әрекеттердің мынадай түрлері туындауы мүмкін:

1) ішкі:

а) қаржылық есептіліктің бұрмалануы – заңсыз пайда алу үшін заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) арқылы қызметкерлер және/немесе басшылық құрам арасынан бір немесе бірнеше адамның жасаған қасақана жасаған әрекеті;

б) Қоғамның активтерін заңсыз пайдалану/иемденіп кету/ұрлау – ақшалай қаражатты ұрлау, ақша қаражатын мақсатсыз жұмсау, негізгі қаражатты, тауар-материалдық құндылықтарды ұрлау және әдейі бүлдіру;

в) сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттер, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану және асыра пайдалану – мүліктік пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктері мен онымен байланысты мүмкіндіктерді пайдалану, тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі бұзушылықтар, оның ішінде құжаттарды қолдан жасау/құжаттарды қасақана

бұрмалау, ақшалай сыйлықақы, қымбат тұратын сыйлықтар немесе пайдалы қызметтер алу үшін тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге қойылатын бағаны әдейі көтеру немесе түсіру;

2) сыртқы:

а) контрагенттердің қосымша пайда алу үшін жасайтын әрекеттері, оның ішінде салдары Қоғамға және/немесе мемлекетке зиян келуі мүмкін салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлеуден жалтару;

б) контрагенттердің алдау немесе шатастыру және Қоғам есебінен пайда алу мақсатында біле тұра жалған, өзгертілген немесе бұрмаланған ақпаратты ұсынуы;

в) Қоғамның қызметіне зиян келтіру және/немесе оның беделіне жағымсыз ықпал ету мақсатында Қоғамның ақпараттық жүйесіне рұқсатсыз кіруге бағытталған немесе құпия ақпаратқа қол жеткізуге бағытталған әрекеттер;

г) Қоғамның активтерін заңсыз пайдалану/иемдену/ұрлау;

д) Қоғам мен оның еншілес ұйымдарының негізгі қаражатын, тауар-материалдық құндылықтарын, қорларын ұрлау және қасақана бұлдіру.

21. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары:

1) пара берген немесе алған кездегі қасақана әрекеттер;

2) Қоғам қызметкерінің өзінің қызметтік жағдайын ақша, құндылықтар, сыйлықтар, өзге мүліктер немесе мүліктік, физикалық немесе моральдық сипаттағы қызметтер түрінде пайда алу мақсатында Қоғам мен оның Акционерлерінің заңды мүдделеріне қарсы коммерциялық сатып алуы немесе өзге де заңсыз пайдалануы;

3) өзі немесе үшінші тұлғалар үшін өзге мүліктік құқықтарды иелену немесе мұндай пайданы аталған тұлғаға басқа жеке тұлғалар арқылы заңсыз ұсыну;

4) Сыбайлас жемқорлық туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес өзге мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды иелену болып табылады.

8 Жүзеге асыру тәсілдері

22. Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық әрекеттері фактілерінің алдын алу немесе анықтау мақсатында ҚҚБ мынадай іс-шараларды өткізеді:

1) Қоғамда, сондай-ақ оның еншілес ұйымдарында келіп түскен ақпарат бойынша қызметтік тергеу/аудит/тексеріс жүргізуге бастамашылық жасайды;

2) қажет болған жағдайда мүліктің шығынға жазылуын, кәдеге жаратылуын, сақталуын тексереді;

3) тауар-материалдық құндылықтар мен қорлардың, сондай-ақ негізгі қаражат пен өзге мүліктің қалдықтары мен артығының болуын тексереді;

4) алаяқтық және сыбайлас жемқорлық сипаттағы әрекеттердің алдын алу, жолын кесу, анықтау және тергеу мақсатында кез келген әрекеттерді жасайды.

23. Қоғамның сатып алуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдары әлеуетті контрагенттерді жалған кәсіпкерлікке, сенімділікке, салықтық және өзге берешектерінің бар-жоғына уәкілетті органдардың (ҚР Қаржы министрлігі, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ) АҚ және басқалар) ресми сайттары немесе сұрау салу арқылы міндетті түрде тексеруі қажет.

24. Қоғам мен оның еншілес ұйымдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері ҚҚБ-ға өздерінің күдіктері туралы хабардар етуге немесе кез келген лауазымды тұлға немесе қызметкер, өнім беруші немесе Қоғам мен оның еншілес ұйымына қандай да бір қатысы бар басқа тараптар жасаған ықтимал алаяқтық және сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы басқа адамдардан алынған мәліметтерді ұсынуға құқылы.

25. Құқыққа қарсы әрекет жасалды деп санауға жеткілікті негізі бар кез келген тұлға өз бетінше тергеу жүргізуге тырыспауға, алынған ақпаратты басқа адамдармен талқыламауға тиіс және т.б.

26. ҚҚБ Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының бұзушылықтар туралы адалдықпен хабарлаған барлық лауазымды тұлғалары, қызметкерлері, сондай-ақ өзге тұлғалары (контрагенттері) туралы ақпаратты құпия сақтауға кепілдік береді.

27. Қоғам келіп түскен алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық фактілері туралы иесі көрсетілмеген хабарламалар бойынша тексеріс немесе қызметтік тергеу жүргізбеу құқығын өзіне қалдырады.

28. Жағдайды анықтау мақсатында ҚҚБ өз бетінше немесе Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшесімен бірлесіп, алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттерді қызметтік тергеу/тексеру үшін Комиссия құра алады немесе қауіпсіздік жөніндегі қызметкерді жібере алады.

29. ҚҚБ-ның қызметкері немесе Комиссия мүшелері қызметтік тергеу жүргізу аясында Қоғамның барлық құжаттары мен объектілеріне олардың Қоғамның меншігі болып табылатынына немесе жалға алынғанына қарамастан, еркін әрі кедергісіз қол жеткізе алады. Сондай-ақ олар тергеу аясы шегінде папкілерде, жұмыс үстелдерінде немесе Қоғамның объектілеріндегі басқа да сақтау орындарында сақталатын құжаттарды, оның ішінде құпия сипаттағы құжаттарды тексеруге, суретке түсіруге, бейнетаспаға түсіруге, толығымен немесе ішінара көшірмесін алуға құқылы.

30. Қоғамның қызметтік тергеу жүргізетін қызметкерлері өтінішке және тергеуге қатысты ақпаратқа тек осындай рұқсатқа заңды құқығы бар адамдардың ғана қол жеткізуіне рұқсат бере отырып, алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауға және барлық байланысты тараптардың беделін қорғауға тиіс.

31. Қоғамның немесе оның еншілес ұйымдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан алаяқтық және сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілер анықталған жағдайда айып тағу немесе тергеу нәтижелерін тиісті құқық қорғау органдарына жіберу туралы шешімді Қоғамның басшылығы қабылдайды.

32. Қоғам құқық қорғау және сот органдарына қызметтік тергеу/тексеріс барысында жиналған қолда бар материалдарды беруге құқылы.

33. Тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін дәлелдемелер жеткілікті болған барлық жағдайларда ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары сақтала отырып жасалады.

34. Осы Саясаттың 27-тармағында көрсетілген өтініштерді Қоғам келіп түскен ақпараттың жалған болуы мүмкін екенін, көп жағдайда біреудің атына немесе қызметіне нұқсан келтіру мақсатында ойдан шығарылуы мүмкін екенін ескеріп, қарамайды.

35. Қоғам қызметкерлері Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының өзге қызметкерлерінің, сондай-ақ үшінші тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық жасауға бейімділік фактілері туындаған және/немесе Қоғам қызметкерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға бейімділігіне қатысты белгілі жағдайлар туралы ақпараты болған немесе күдігі болған жағдайда ҚҚБ-ға тез арада хабардар етуге міндетті.

9 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау

36. Қоғам басшылығы жылына кемінде бір рет мерзімділікпен және қажеттілігіне қарай «Самұрық-Энерго» АҚ Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық саласындағы тәуекелдерді бағалауға бастамашылық жасайды.

37. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау мақсаты Қоғамның оны іске асырған кезде Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке бас пайдасын көздеп, сондай-ақ Қоғамның пайдасы үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау мүмкіндігі неғұрлым жоғары болатын нақты үдерістері мен қызметінің түрлерін анықтау болып табылады.

38. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау тәртібі:

1) Қоғамның қызметін жекелеген үдерістер түрінде ұсыну, олардың әрқайсысынан құрамдас элементтерді бөліп шығару;

2) «сындарлы нүктелерді» бөліп шығару – іске асырған кезде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауы мейлінше ықтимал элементтерді анықтау;

3) іске асырылуы сыбайлас жемқорлық тәуекелімен байланысты әрбір элемент үшін ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының сипаттамасын жасау, олар мыналардан:

а) «сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын» жасаған кезде Қоғам немесе оның жекелеген лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері алуы мүмкін пайда немесе артықшылықтардың сипаттамасынан;

б) Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасау үшін «негізгі» болып табылатын лауазымдардың – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасау үшін Қоғамның қай лауазымды тұлғаларының қатысуы мүмкін болатынынан;

в) сыбайлас жемқорлық төлемдерін жүзеге асыруның ықтимал нысандарынан тұруы тиіс.

10 Контрагенттерді тексеру

39. Қоғам сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас жасау тәуекелін мейлінше азайту үшін орынды күш жұмсайды, сол үшін контрагенттердің парақорлыққа төзімділігіне

бағалау жүргізіледі, соның ішінде олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы өз саясаттары мен рәсімдерінің болуы, олардың осы Саясат талаптарын сақтауға, шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелерді енгізуге, сондай-ақ бизнесті этикалық тұрғыдан жүргізу мен сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін өзара іс-қимыл жасауға дайындығы тексеріледі (1-қосымша).

40. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелерді пайдалану шарттарды жасаған кезде де, сондай-ақ оны рындаған кезде де тараптар арасындағы сенімді сақтауға және сыбайлас жемқорлықты болдырмауға көмектеседі.

41. Контрагенттермен, шарттың және/немесе басқа келісімнің бастамашысымен іскерлік қарым-қатынастар орнатуға ниет білдірген кезде ҚҚБ-мен бірлесіп, 2-қосымшада тізімі келтірілген «тәуекел факторларының» болуына тексеру жүргізу қажет.

42. «Тәуекел факторлары» (сыбайлас жемқорлық, алаяқтық) анықталған жағдайда шарттың және/немесе өзге келісімнің бастамашысы бұл туралы міндетті түрде тиісті шешім қабылдау үшін ҚҚБ-мен бірлесіп, Қоғамның қадағалаушы басшылығына хабардар етуі тиіс.

11 Қайырымдылық және демеушілік қызметке қатысу

43. Қоғам өз қызметінде басымдық алу немесе оны сақтап қалу мақсатында қайырымдылық және демеушілік жобаларды өз бетімен не өкілдіктер, еншілес ұйымдар, сондай-ақ өз қызметкерлері мен өкілдіктердің, еншілес ұйымдардың қызметкерлері арқылы қаржыландырмайды.

12 Саяси қызметке қатысу

44. Қоғам өз қызметінде басымдық алу немесе оны сақтап қалу мақсатында саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді өз бетімен не өкілдіктер, еншілес ұйымдар, сондай-ақ өзінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері және өкілдіктің, еншілес кәсіпорындардың қызметкерлері арқылы қаржыландырмайды.

45. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес құрылған саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, қоғамдық қозғалыстар, қоғамдық қорлар секілді қоғамдық бірлестіктер мен өзге коммерциялық емес ұйымдарға, сонымен қатар мақсаты өз қызметінде Қоғам үшін артықшылықтар алу немесе сақтау болып табылатын халықаралық қоғамдық бірлестіктерге қатысуға құқылы.

46. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қоғамдық бірлестіктерге қатысқан кезде өз қызметінде Қоғам үшін артықшылықтар алу немесе оны сақтап қалу мақсатында Қоғам атынан төлем ұсынуға, беруге, уәде етуге немесе төлеуге, мүлікті енгізуге, сыйлық беруге тыйым салынады.

47. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес қоғамдық ұйымдарға қатысқаны үшін дербес жауапты болады.

13 Ресмилікті жеңілдету үшін төлем

48. Осы Саясат ресмилікті жеңілдету үшін сыйақы ретінде төлем төлеуге немесе қабылдауға тыйым салады. Ресмилікті жеңілдетуге арналған төлем әдеттегі рәсімдерді орындау немесе оларды жеделдету үшін лауазымды тұлғалардың атына аударылған төлемдерді білдіреді. Ресмилікті жеңілдетуге арналған төлем оның мөлшері туралы ақпаратқа ашық қол жеткізуге болатын қызмет үшін төленетін ресми алымдардан өзгеше болады.

14 Сыйлықтар мен өкілдік шығыстар

49. Қоғам іскери сыйлықтар алмасу мен өкілдік шығыстарды, оның ішінде бизнес жүргізудің және жалпыға бірдей іскери тәжірибенің қажетті бөлігі болып табылатын іскери қонақжайлықты мойындайды. Қоғам іскери сыйлықтар мен іскери қонақжайлыққа жұмсалатын шығыстарға қатысты адалдық пен ашықтық ахуалын барынша көтермелейді.

50. Үшінші тұлғалармен Қоғамның іскери сыйлықтар алмасу және өкілдік шығыстарды, оның ішінде іскери қонақжайлығын жүзеге асыруда мынадай критерийлерге:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының нормаларына, «Самұрық-Энерго» АҚ Іскерлік этика кодексіне, «Самұрық-Энерго» АҚ әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлеріне бөлінетін қаражатты пайдалану қағидасына және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарына толық сәйкес келуі;


2) барынша негізді, мөлшерлі болуы және сән-салтанатты бұйымдар болмауы;

3) қызмет көрсеткені, әрекеті, әрекетсіздігі, жол бергені, қамқорлағаны, құқық бергені, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат беру және т.б. туралы белгілі бір шешім қабылдағаны немесе басқа заңсыз немесе әдепсіз мақсатта алушыға әсер етуге тырысқан әрекеті үшін жасырын сыйақы ұсынбауы;

4) сыйлықтар немесе өкілдік шығыстар туралы ақпарат ашылған жағдайда Қоғам үшін, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері және өзге тұлғалар үшін абырой-беделге нұқсан келтіретін тәуекелдер туғызбауы тиіс.

51. Іскери сыйлықтар мен іскери қонақжайлыққа жұмсалатын барлық шығыстарды, сондай-ақ жарнамалық шығыстарды Қоғам басшылығы мақұлдауы тиіс.

52. Іскери сыйлықтың немесе іс-шараның осы Саясаттың талаптарына сәйкестігіне күмән туындаған жағдайда қызметкердің бұл мәселе бойынша тікелей басшысымен немесе іскери әдептің сақталуына жауапты лауазымды тұлғамен кеңескені жөн.

	«Самұрық-Энерго» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясаты		
	Қ 02-03-13	3-редакция	19 беттің 13-парағы

15 Өзара ынтымақтастық

53. Қоғам алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласында өзара бірдейлік принципі негізінде уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, серіктестермен және клиенттермен, қоғамдық бірлестіктермен және үкіметтік емес ұйымдармен мына мақсаттарда ынтымақтастықта жұмыс істейді:

1) алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық әрекет жасауға күдікті (айыпталушы) адамдарды, сондай-ақ осындай әрекеттерге қатысы бар басқа адамдардың тұрғылықты жерін анықтау;

2) алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық әрекет жасау нәтижесінде алынған мүлікті анықтап, кері алу немесе мемлекет пайдасына кері қайтару;

3) алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау мәселелері бойынша ақпарат, мәлімет алмасу;

4) алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы әрекет ету жөніндегі қызметті үйлестіру және бірлескен іс-шараларды әзірлеу.

16 Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің негізгі бағыттары

54. Қоғам алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және өзге заңға қарсы әрекеттерді жасауға немесе жасыруға мейлінше төзбеу саясатын ұстанады.

55. Мұндай әрекеттердің жасалғаны туралы өтініштер тергеліп, қажет болған жағдайда, сот талаптарын ұсыну, тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартуды қоса алғанда, өзінің логикалық тұрғыдан аяқталу нүктесіне дейін жеткізіледі.

56. Тергеу жүргізу кезінде тексерілетін адамдардың жұмыс өтілі, лауазымы, олардың Қоғамға қарым-қатынасы ескерілмейді.

57. Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі қызметтің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

1) Қоғамның алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласындағы бірыңғай саясатын жүргізу;

2) Қоғам қызметкерлерін құқыққа қарсы әрекеттерге қарсы әрекет етуге неғұрлым белсенді қатысуға тартуға бағытталған әкімшілік және өзге шараларды қабылдау;

3) Жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсету кезінде адалдықты, ашықтықты, мөлдірлікті, жосықты бәсекені және объективтілікті қамтамасыз ету.

17 Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

58. Қоғамдағы алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тұрақты негізде мынадай негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) Қоғам қызметкерлерінің алаяқтық әрекеттер мен сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа мынадай жолдар арқылы төзбеу сезімін қалыптастыру:

а) Қоғам басшылығының қадағалайтын ҚБ-ның қызметкерлерімен түсіндіру мақсатындағы әңгімесесуін өткізу;

б) басшылықтың Қоғам қызметкерлерін Қоғамда және оның еншілес ұйымдарында анықталған фактілер мен олар болған жағдайдағы сот шешімдері туралы хабардар етуі;

в) Қоғам қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларының нормаларын түсіндіру бойынша жыл сайынғы оқыту семинарларын өткізу;

2) кадр жұмысының тәжірибесіне лауазымды тұлғаның қызметтік міндеттерін ұзақ уақыт бойы мінсіз әрі тиімді орындауына сәйкес оны жоғары тұрған лауазымға тағайындау немесе оны көтермелеу кезінде міндетті түрде ескерілуі тиіс ережені енгізу;


3) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлеріне, сонымен қатар үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін әзістер арқылы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, қызмет бабын асыра пайдалану және басқа құқыққа қарсы әрекеттер жасауға қатысты белгілі болған фактілер мен күдіктер туралы хабарлау құқығын қамтамасыз ету.

18 Қорытынды ережелер

59. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы Саясатта белгіленген талаптарды мұқият оқып, түсініп, бұлжытпай орындауға өздеріне міндеттеме алады. Осы Саясаттың ережелерімен танысқаннан кейін Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы Саясатқа ЖН Қ 02-03-13 сәйкес Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке істерінде сақталатын «Растау» тиісті нысанын толтыруға тиіс.


60. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер осы саладағы алаяқтыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ішкі рәсімдерге қарсы әрекет етуге қатысты оқу курстарынан өтуге, оқудан өткені және аталған құжаттармен танысқаны туралы параққа қол қоюға міндетті.

61. ҚҚБ АРБҚБ-мен бірлесіп, жыл сайын Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің осы саладағы алаяқтыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ішкі рәсімдерге қарсы әрекет ету саясатын білу бойынша оқытуды және/немесе тестілеуді ұйымдастырады.

	«Самұрық-Энерго» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясаты		
	Қ 02-03-13	3-редакция	19 беттің 15-парағы

19 Жазбалардың нысаны

№ р/с	Жазба атауы	Жазба нысаны	Орындаушы	Сақталатын орны	Сақтау мерзімі
1	Растау	ЖН 01 Қ-02-03-13	Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер	АРБҚБ	Қызметкердің жасын шегергенде 75 жыл

	«Самұрық-Энерго» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясаты		
	Қ 02-03-13	3-редакция	19 беттің 16-парағы

ЖН 01 Қ-02-03-13

Осы нысанды «Самұрық-Энерго» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясатында белгіленген талаптарды мұқият оқып, түсініп, адал сақтауға міндеттенетінізді растау үшін пайдаланыңыз.

Толтырылған және қол қойылған, сондай-ақ жыл сайын бірінші айдың 15-іне ұсынылатын растау нысаны Қоғамда еңбек еткен және/немесе лауазымдық міндеттер атқарған сәттен бастап Қоғамның әрбір қызметкерінің жеке ісінде сақталады.

Растау


Туісті ұяшықтарды белгілеңіз

- Мен «Самұрық-Энерго» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясатын оқып, түсінгенімді растаймын.
- Мен «Самұрық-Энерго» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясатында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін.
- Мен Қоғамда еңбек еткен және/немесе лауазымдық міндеттер атқарған мерзім ішінде жылына бір рет «Самұрық-Энерго» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясатында белгіленген талаптарды оқығанымды, түсінгенімді және оның талаптарын сақтауға міндеттенетінімді растауға келісемін.
- Мен «Самұрық-Энерго» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясатын бұзған жағдайда мені Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте мені азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартуы мүмкін екенінен хабардармын.

Мына жерге қолыңызды қойыңыз

Тегі, аты-жөні

Қолы/Күні

	«Самұрық-Энерго» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясаты		
	Қ 02-03-13	3-редакция	19 беттің 17-парағы

1-қосымша


Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерту

1. «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Шарттың басқа Тарапына «Самұрық-Энерго» АҚ Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясатының (бұдан әрі - Саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабарлайды. Шартты жасай отырып, басқа Тарап Қоғамның Саясатымен танысқанын растайды. Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындаған кезде, Тараптар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалардың талаптарын сақтауға және оларды қызметкерлердің сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарт мақсаттары үшін қолдануға болатын халықаралық актілермен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы шетел мемлекеттерінің заңнамалық актілерімен қарастырылған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасамауға міндеттенеді.

2. Шарт мақсаттарында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға Қазақстан Республикасының немесе Тарап болған елдегі және/немесе бизнес жүргізетін елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес, параны беру немесе алу кезінде жасайтын қасақана әрекеттер, коммерциялық пара немесе ақша, құндылықтар, сыйлықтар және өзге мүлікті немесе мүліктік, нақты немесе моральдық қызмет түріндегі пайданы алу мақсатында Тараптардың заңды мүдделеріне қарамастан Тараптардың өз қызмет бабын заңсыз пайдалануы, өзі немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік құқықтар алуы немесе басқа жеке тұлғалардың бұндай пайданы көрсетілген тұлғаға заңсыз ұсынуы және өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды алуы (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық) жатады.

3. Тарапта Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық болды немесе болуы мүмкін (сыбайлас жемқорлық қылмысты жасаумен немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы өзге шынайы ақпаратқа байланысты, басқа Тараптың қызметкер(лер)іне қатысты қылмыстық іс қозғау туралы ақпартты алған кезде) деген негізделген болжамдар пайда болған жағдайда, бұндай Тарап тиісті фактілерді көрсете отырып, жазбаша нысанда осы туралы басқа Тарапқа хабарлауға міндеттенеді (бұдан әрі - Хабарлама) және басқа тарап Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы болған жоқ немесе болуы мүмкін емес деген дәлелдеме алғанға дейін Шарт бойынша міндеттерді орындамауға құқылы. Басқа Тарап көрсетілген дәлелдемені Хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде ұсыну тиіс.

4. Қоғам Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасау туралы шынайы ақпарт алған кезде және осы баптың ережесін сақтаған кезде басқа Тарапқа тиісті жазбаша хабарламаны жолдап, Шартты толығымен немесе ішінара орындаудан бір жақты тәртіпте бас тартуға, сондай-ақ Шартты бұзумен келтірілген залалдарды өтеуді басқа Тараптан талап етуге құқылы.

	«Самұрық-Энерго» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясаты		
	Қ 02-03-13	3-редакция	19 беттің 18-парағы

2-қосымша

Тәуекел факторлары

- 1) қаржылық дәрменсіздік немесе бұрын банкрот болған жағдайлары;
- 2) теріс аудиторлық қорытынды ұсынған жағдайлары;
- 3) сот алдындағы тексерістер немесе пара алу немесе өзге сыбайлас жемқорлық әрекет үшін айыптау бойынша сот талқылаулары туралы ақпараттың болуы;
- 4) шарт жасау жоспарланған контрагенттің біліктілігінің, тиісті тәжірибенің жетіспеушілігі, шартты орындау үшін қажетті лицензияларының немесе рұқсаттамалардың жоқтығы, не болмаса контрагентке шарттың талаптарын орындауға бөгет жасайтын басқа факторлардың болуы;
- 5) өнімнің/қызметтердің құны нарық құнынан айтарлықтай жоғары немесе төмен болуы;
- 6) контрагентпен шарт жасау, қажетті құжаттармен расталмаған және негізсіз жоғары болып табылатын, шығындарды өтеуді көздейді;
- 7) контрагентпен шарт жасау, өнімге/қызметке ақы төлеу үшін басқа елдерде ашылған, қызмет көрсетілген, не болмаса контрагент тіркелгеннен өзгеше шотты ашуды көздейді;
- 8) контрагентпен шарт жасау, өнімге/қызметке қолма-қол ақы төлеуді көздейді;
- 9) контрагенттің меншік иесі немесе бенефициары мемлекеттік немесе лауазымды тұлға болып табылады;
- 10) контрагент мемлекеттік ұйымдармен немесе лауазымды тұлғалармен үлестес болады;
- 11) контрагентпен өзара іс-қимыл жасауды лауазымды тұлға ұсынған жағдайда;
- 12) контрагент делдалды қатыстыруды ұсынады;
- 13) мүдделер жанжалының болуы;
- 14) контрагент бағалау үдерістерін жүргізу үшін қажетті ақпаратты ұсынудан бас тартады.